**Тәрбиелеу – білім беру процессінің циклограммасы «Айсана» балабақшасы «Қарлығаш» кіші топ 3+**
**2 апта:10.04-14.04 2023 ж**

| Күн тәртібі | Дүйсенбі | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу 8.00-8.20** | Балаларды қабылдау. Дене қызуын өлшеу және тазалығын тексеру Жағымды жағдай орнату. Ата-анамен жұмыс Әңгімелесу.Балаңыздың сүйікті ойыншықтарын білесізбе? | Балалардың көңіл-күйін бақылау,дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Мәдени-гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Ата-анамен жұмыс Балаңыз қандай мультфилм кейіпкерлерін ұнатады? | Балалардың денеқызуын өлшеп қабылдау.ата-анамен жеке бас тазалығы туралы сөйлесу. Серуен уақытында топтарға кварц қосу. Ата-анамен жұмыс Балалар ойыншықтары сатылатын дүкенге қаншалықты жиі барасыз? Балаңыздың оған көзқарасы қандай? | Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың жағдай туралы әңгімелесу,дене қызуын өлшеу. Тәрбиешімен бірге ертеңгілік жаттығу жүргізу. Ата-анамен жұмыс Мерекелерде соңғы сыйлаған ойыншығыңыз қандай? | Балаларды қабылдап қызуын өлшеу, тазалығын тексеру. Жеке бас гигиенасын қарау. Ата-анамен жұмыс:Балаңыз өз ойыншықтарымен қаншалықты бөліседі және қаншалықты ұқыпты ұстайды? |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) 8.20-8.30** | **ДО**:«Киімдерді ата» Мақсаты: Түрлі киім атауларын атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету. **Төмен ұтқырлық ойыны**. "Не өзгерді?" Мақсаты: Балалардың кеңістікте бағдарлануын дамыту. Көрнекі зейінді дамыту | **ДО**:«Үй құстарын ата» Мақсаты: үй құстарын атау. Олардың адамға келтіретін пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыру **Үстел үсті ойындары:** «Ойна да үйрен». Мақсаты:Балалардың түстер, геометриялық пішіндер туралы білімдерін жетілдіру, баланың тілін, ойын, танымдық қабілетін дамыту. | **ДО**:«Ыдыстар» Мақсаты: Ыдыстар туралы түсінік беру; заттарды көлемі бойынша салыстыра білуге дағдыландыру. **Үстел үсті ойындары:** **«**Суреттер құрастыру» Мақсаты:Балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әр түрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. | **ДО**:«Гүлдерді құрастыр» Мақсаты: Гүл ерекшеліктері, мекен ету ортасы, гүлдің пайдасы туралы мағлұмат беру. **Үстел үсті ойындары:** «Қайтала» сіріңке шиімен ұйымдастырылады. | **ДО**:«Мамандықтарды ата» Мақсаты: Балалардың мамандықтарды атап, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. **Үстел үсті ойындары:** «Жұбын тап».Мақсаты: Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Таңертеңгілік жаттығулар кешені 1 | | | | |
| **Таңғы ас 8.45-9.00** | «Ас – адамның қуаты» М-ы:Астың денсаулыққа пайдалығын жеткізу. Көркем сөз: «Асың болса,досың көп» **Ойын жаттығу :** Даланың арынан. Даланың таңынан. Даланың жанынан өседі Нан жемісі ол кешегі | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ойындар, ҰОҚ дайындық**<br><br>**9.00-9.10** | **ДО:** «Нешеу?»<br>Мақсаты: Атауға және санауға үйрету. Көп заттар мен аз заттарды ажыратуға үйрету. Көп-аз, тең-тең емес ұғымдарын ажыратуға дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту. | **ДО:** «Лото»<br>мақсаты: Балалардың жеміс-жидек, көкөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату. | **ДО:** «Жануарларды құрастыр»<br>Мақсаты: Жануарларды атауға, әр түрлі суретпен берілген жануарларды, бөлігін тауып құрастыруға үйрету. Жануарлардың мінез-құлқын, жүріс-тұрысын сипаттауға үйрету. | **ДО:** «Төлін тап».<br>Мақсаты: Үй жануарларының атын және төлдерін ажыратуға үйрету. | **ДО:** «Қай жыл мезгілінде ойнайды?»<br>Мақсаты: Әр жыл мезгілінде ойналатын ойындарды атап, Неге сол мезгілінде ойналатынын айтып түсіндіріу. Ауызекі сөйлеу тілін дамыту. |
| **Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет-тері 9.10-10.15** | **Шаттық шеңбері:**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>**Нандай жоқ қой асыл дән,**<br>**Жеп үйренген жасыңнан.**<br>Балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыру.Өлең,мақал-мәтелдер арқылы тіл байлығын дамыту,жетілдіру. Берілген тапсырманы орындауға,еңбекқорлыққа тәрбиелеу,нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсінуге талпындыру.Дәндерді қолдарымен ұстатып,топыраққа егу арқылы еңбекті өздеріне орындатып қолмашықтарын жетілдіру.Еңбектерің жемісін көрсету. | **Шаттық шеңбері:**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>**Ерте тұрып таңнан**<br>**Пісірді апам ақ нан**<br>Диқаншылардың еңбегі туралы балалардың түсініктерін қалыптастыру. Жердің үнемі қамқорлықты қажет ететінін әңгімелеу. Өсімдікке өсіп- өну үшін ауа, су, жарық жылу қажеттігін түсіндіру арқылы зейіндерін дамыту. «Ақ бидай» ертегісін оқып беру.Сұрақ-жауап арқылы сөйлеу қабілеттерін дамыту. Өлең,мақал-мәтелдер арқылы тіл байлығын дамыту,жетілдіру. Диқан еңбегіне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Перцептивтік модельдеу әрекетін үйрету (бірнеше | **Шаттық шеңбері:**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>**Нанда өмірдің иісі мен дәні бар,**<br>**Нанда адамның еңбегі мен ары бар.**<br>Ұннан жасалатын тағамдар туралы әңгімелету. Диқан мен наубайшылардың еңбегі жайлы түсіндіру. Диқаншы еңбегі туралы білімдерін толықтыру. Нанды ардақтауға, ысырап қылмауға тәрбиелеу, үлкендердің еңбегін бағалауға баулу.<br>**Сөздік жұмыс:** диқан, наубайшы, наубайхана, комбайншы, диірмен.<br>**Блингвальды компонент:** нан - хлеб, диқан-хлебороб, земледелец. Өлең,мақал-мәтелдер арқылы тіл | **Шаттық шеңбері:**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>**Нан – ардақты адал ас,**<br>**Кәрі - жас одан аттамас.**<br>Балалардың ақыл-ой белсенділігін арттыру.Өлең,мақал-мәтелдер арқылы тіл байлығын дамыту,жетілдіру. Берілген тапсырманы орындауға,еңбекқорлыққа тәрбиелеу,нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсінуге талпындыру.Дәндерді қолдарымен ұстатып,топыраққа егу арқылы еңбекті өздеріне орындатып қолмашықтарын жетілдіру.Еңбектерің жемісін көрсету. Әртүрлі заттарды өлшемі | **Шаттық шеңбері:**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын күн келді.<br>Қайырлы таң! Қайырлы күн!<br>Күліп шықты күн бүгін!<br>**Ас атасы нан.**<br>Дән тұқымымен танысу, бидайдан нан жасалатынын айта отырып, дастарханға жеткенге дейінгі еңбек мазмұнымен, қолданылатын техникалардың аттарымен таныстыру. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.Балалардың ақыл - ой белсенділігін арттыру. Өлең нақыл сөз, мақал - мәтел арқылы тіл байлығын дамыту. Берілген тапсырманы орындауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу, нақыл сөздердің тәрбиелік мәнін түсінуге |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Заттардың түстері жайлы білімдерін, заттарды түстері бойынша іріктеу ептілігін бекіту; спектрдің барлық түстеріне (қызыл, қызғылт сары, сары көгілдір, күлгін) қарай педагогтің белгісінен кейін қимылдауға үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұсақ бөлшектерді дұрыс желімдеу дағдыларына үйрету; қол, саусақ моторикасын және ойлау қабілетін дамыту; табиғатты сүюге тәрбиелеу. Ермексаздан жұмыр пішінді жасауды үйрету; қол қимылының үйлесімділігін, домалақ пішіндерді жасауды дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауға тәрбиелеу. Құрылыс материалдармен жұмыс жасауға үйрету. Құрылыс материалдардың түсін,пішінін ажыратуға үйрету.<br>**Дене шынықтыру**<br>Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру. Секіртпеден секір у. Допты екі қолымен жерге соғу. | бөліктен тұратын зат пішінін көрнекі талдау және жинақтау); геометриялық пішіндерді атауды, оларды салыстырып, түстерін атай білу дағдысын дамытуды; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Түрлі пішіндерді қиып үлгі бойынша сәндеп жапсыруға үйрету. Жапсыру құралдарын ұқыпты қолдануға, жұмысты аяғына дейін шыдамдылықпен орындауға үйрету; ұсақ қол қимылдарын дамыту; татулыққа, достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу. Ермексазды ширатып созуды үйрету; жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту; ұқыптылыққа; дербес іс- әрекет жасауға тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру. Допты екі қолымен жерге соғу. Еденде 10-20 см қашықтықта (2 арқаннан | байлығын дамыту,жетілдіру. Әртүрлі өлшемдегі заттарды 2 топқа бөлу. Балалар назарын заттардың өлшеміне аудару, оларда өлшем айырмашылығы мен ұқсастықты орнатудың қарапайым тәсілдерін қалыптастыру; «осындай», «мұндай емес», «үлкен», «кішкентай» сөздерінің мағынасын түсінуге үйрету. Саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Ойыншықтармен ұқыпты ойнауға тәрбиелеу. Кеңістікте түзу сызық бойымен әдемі орналастыруға үйрету; ұсақ қол қимылдарын дамыту; қуанышты көңіл-күй қалыптастыра отырып есте сақтау қабілетін дамыту. Ермексазды домалақтап, ортасын қуыстау машығын дамыту, сондай – ақ шыдамдылыққа, төзімділікке, үй жануарларына қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Құрылыс материалдармен жұмыс жасауға үйрету. Құрылыс материалдардың түсін,пішінін ажыратуға | бойынша салыстыруды және оларды үлгідегідей орналастыруды үйрету; ойлау қабілетін дамыту; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Түстерді сәйкестендіріп жапсыру дағдыларын жетілдіру,қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттыру, ұсақ қол қимылын, көркемдік талғамдарын дамыту;табиғаттың әсемдігін көре білуге, аялауға тәрбиелеу. Бөліктерді біріктіре отырып, бейне құрастыру дағдыларын дамыту; ұқыпты жұмыс істеуге тәрбиелеу.<br>**Дене шынықтыру**<br>Едендегі немесе еденнен 15-30 см көтерілген арқаннан аттап жүру, 30-40 сек бойына үзіліссіз жүгіру. Еденде 10-20 см қашықтықта (2 арқаннан тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.Ауданы 50 х 50 см, биіктігі 10 см мінбеге өрмелеу. Балаларды құрылыс материалдармен жұмыс жасауға үйрету. Құрылыс материалдардың | талпындыру. Жаңа сөздер: наубайхана, диірмен, комбайн, дихан, элеватор. «Бидай мен Қаңбақ»ертегісін оқып беру. Түрлі түсті геометриялық пішіндерді – шеңбер мен үшбұрышты орналастыруды үйрету; балалар назарын белгілі бір түстегі фигураны әртүрлі заттарды бейнелеу (бақбақ гүлді) үшін қолданылуы мүмкін екеніне аудару; саусақтың ұсақ бұлшық еттерінің қозғалысын жетілдіру. Табиғатты аялауға тәрбиелеу. Қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдаланып, түстерді бір-бірімен жүйелі сәйкестікпен желімдеуге үйретуді жалғастыру; ұжым болып жапсыру жұмысын дұрыс ұйымдастыруға дағдыландыру; әсемдікке, табиғатты сүюге, оны аялауға тәрбиелеу. Сопақша пішінді және бір ұшын үшкірлеп мүсіндеуді үйрету, сондай – ақ ермексазды дұрыс қолдану жолдарын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тұратын жолақ арқылы) жатқан арқаннан секіру.<br>**Музыка**<br>**Педагог жоспарымен** | үйрету. | түсін,пішінін ажыратуға үйрету. | дамыту. Балаларды құрылыс материалдармен жұмыс жасауға үйрету. Құрылыс материалдардың түсін,пішінін ажыратуға үйрету. |
| **2-таңғы ас** | Балаларды жеке және қоғамдық гигиена дағдыларына тәрбиелеу, топта, үйде, қоғамдық орындарда өзін-өзі дұрыс ұстауға тәрбиелеу. Тамақты мұқият, кішкене бөліктерде алыңыз. | | | | |
| **Серуенге дайындық 10.15-10.45** | Серуенге киіндіру. Киімдерін шкафтан біртіндеп шығарып,киінуге үйрету. Балалармен серуенге шығу. | | | | |
| **Серуен: 10.45-11.35** | **Серуен №6** | **Серуен №7** | **Серуен№8** | **Серуен №9** | **Серуен №10** |
| **Серуеннен оралу 11.35-11.40** | Ойын- жаттығу. **Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.**<br>Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық. | | | | |
| **Түскі ас 11.40-12.00** | Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз. Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз.<br>Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"<br>Бата беру: Мал жан аман тоқ болсын, Қайғы-қасірет жоқ болсын<br>Дастарханың ақ болсын, Шаңыраққа бақ қонсын | | | | |
| **Ұйқы 12.10-15.10** | Балалалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою. | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары 15.10-15.25** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Арқанын қалпын сақтауға арналған жаттығулар. ( 2 минут)<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. | | | | |
| **Бесін ас 15.25-15.40** | Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сүрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру. | | | | |
| **Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына** | **СРО:** «Киім дүкені» Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету.<br>**Төмен ұтқырлық ойыны**:«Табу және үндемеу». | **СРО:** «Шаштараз» Мақсаты: Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. | **СРО:** «Дүкен» Мақсаты: Сатушының рөлін ойнай білу біліктілікке үйрету.<br>**Төмен ұтқырлық ойыны**:«Шыбын-ұшпайды» | **СРО**: «Дәрігер» Мақсаты: Балалардың білім деңгейін, ойындарды ойната отырып, әрі қарай жан - жақты дамыту, тіл байлығын жетілдіру, | **СРО**: «Жолаушылар» Мақсаты: Балалардың көңілдерін көтеріп саяхатқа шығару.<br>**Төмен ұтқырлық ойыны**:«Дауыспен тап». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **сәйкес жеке жұмыс 15.40-16.00** | Мақсаты: Балалардың шыдамдылығын, сигнал бойынша қимылдарды орындау қабілетін дамыту.<br>Зейін сапасын дамыту<br>**Еңбек:** «Ойыншықтарды өз орындарына қой | **Төмен ұтқырлық ойыны**:«Дауыспен тап».<br>Мақсаты: Балаларды шеңбер бойымен құрастыруға жаттықтыру; кеңістікте шарлау, есту зейінін дамыту<br>**Еңбек:** «Топта тазалық орнату». | Мақсаты: Балалардың мұқият тыңдау қабілетін дамыту, шеңбер бойымен құрастыру дағдыларын бекіту.<br>**Еңбек.** Тәрбиешімен бірге демонстрациялық материал дайындау | сөздік қорын молайту.<br>**Төмен ұтқырлық ойыны**:«Фигураны жасаңыз».<br>Мақсаты:тәрбиешінің сигналы бойынша әрекет етуге, бір-біріне соқтығыспай бүкіл аланды айналып жүгіруге үйрету, қозғалыс координациясын дамыту | Мақсаты: Балаларды шеңбер бойымен құрастыруға жаттықтыру; кеңістікте шарлау, есту зейінін дамыту<br>**Еңбек:** «Топта тазалық орнату». |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Данирамен жеке жұмыс.<br>**ДО:** «Бұл қай кезде болады?».<br>Тәулік бөліктерін дұрыс айтып беруге үйрету,балалармен тәулік бөліктерін бекіту (таңертең,күндіз,кеш,түн)<br>Дениспен «Кіммен дос болғын келеді» тақырыбында әнгіме құру. Балалармен көшеде жүру туралы әңгімелесу | Айыммен жеке жұмыс.<br>Бибісарамен әңгіме құрастыру «Көлік туралы әңгімелеп бер» Мақсаты: баланың сөздік қорын байыту.<br>**ДО:** «Жыл мезгілдері»<br>Мақсаты: Балалардың жыл мезгідері туралы білімдерін бекіту, мезгілдерді атауларын үйрету(қыс, көктем, жаз, күз). Мезгіл өзгерістерін талқылау. | Русланмен жеке жұмыс.<br>**ДО:** «Үйшікей». Ертегі бойынша рөлдерін дұрыс уақытында айтып беруге үйрету. | Іңкәрмен,Данамен жеке жұмыс.<br>**ДО:** «Немен ойнап отырмын, тапшы?».<br>Тұрақты есту қабілетін дамыту, дыбысталуы бойынша аспаптарды айыра білу. | Айгеріммен жеке жұмыс<br>**ДО:** «Түрлі түсті сандық». Сөздерді дұрыс сәйкестендіруге назар аударуды үйретеміз. Мысалы :алма қызыл, доп домалақ. |
| **Серуенге дайындық 16.00-16.10** | Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.Билингвалды компонент:серуен-прогулка,киім-одежда,аяқ киім-обувь | | | | |
| **Серуен 16.10-16.35** | **Серуен №6** | **Серуен №7** | **Серуен №8** | **Серуен №9** | **Серуен №10** |
| **Серуеннен оралу 16.35-16.40** | Серуеннен оралу, серуендеуден кейін гигиеналық процедуралар, заттарды шкафқа қою. | | | | |
| **Кешкі ас 16.40-17.00** | Балалардың назарын тағамға аудару; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | **СРО** «Хайуанаттар бағы»<br>Мақсаты: Балалардың рөлдік ойынға | **СРО** «Балабақша» .<br>Мақсаты: балалардың балабақшаның мақсаты, | **СРО** «Отбасы»<br>Мақсаты: балалар арасындағы әлеуметтік | **СРО** «Гүл дүкені»<br>Мақсаты: гүлдерді ажырата білу, тез атау, | **СРО** «Балабақша» .<br>Мақсаты: балалардың балабақшаның мақсаты, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **(баяу қимылды ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | қызығушылығын арттыру, ойын ортасын құруға көмектесу.<br>**Қимыл қозғалыс ойыны**: «Не жоқ?»<br>Ойынның мақсаты: балалардың логикалық ойлауын дамыту, жылдамдыққа, байқампаздыққа тәрбиелеу. | сол адамдардың кәсіптері туралы білімдерін кеңейту. мұнда кім жұмыс істейді.<br>**Қимыл қозғалыс ойыны**:«Ұшақтар<br>Ойын шарты**:**<br>Балаларды ойын алаңына еркін тұрғызып, тәрбиеші өзі ұшақ болып көрсетеді. | ойын тәжірибесін байыту, «Отбасы» сюжеті бойынша ойын дағдыларын дамыту.<br>**Қимыл қозғалыс ойыны**:«Түрлі түсті моншақтарды тізу»<br>Ойынның мақсаты: Түстеріне қарай кезектестіріп тізуге үйрету | басқалардың арасынан дұрыс гүлді табу қабілеттерін бекіту.<br>**Қимыл қозғалыс ойыны**:«Күн мен жаңбыр.<br>Ойын шарты:<br>Балалардың алаңның бір шетінен немесе бөлмеге қойылған орындықтар-дың артында тізерлеп отырады да «терезеге» орындықтың арқасынан қарайды. | сол адамдардың кәсіптері туралы білімдерін кеңейту. мұнда кім жұмыс істейді.<br>**Қимыл қозғалыс ойыны**:«Таныс пішіндер доминосы»<br>Мақсаты: Геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру |
| **Балалардың үйге қайтуы 17.00-18.30** | Ата-аналармен балабақша күн тәртібі туралы әңгімелесу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны**:« Паравоз »<br>Мақсаты: Балалардың бір інің артына бірі тіркеліп тұрып,паравоз сияқты жүруге,өлең жолдарын қайт ала айтуға үйрету. | Ата-аналарға балалардың жеке бас гигиенасына назар аудару керектігін ескерту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** « Ақ қоян»<br>Мақсаты: Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата аналармен кеңестер жүргізу.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны**: « Қаздар »<br>Мақсаты: Балалардың музыкалық есту қабілетін дамыту және қаздардың тіршілігімен таныстыру. | Ата-аналарға балаларын себепсіз балабақшадан қалдырмауларын ескерту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:«**Төбеде доп қуу<br>Мақсаты**:** Балаларды шапшаң дербес қимыл әрекетке үйрету, ұйымшылдыққа тәрбиелеу | Баланың тәрбиесі туралы әңгімелесу.балабақшаға уақтында келуді айту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Күн мен түн »<br>Мақсаты**:** Балаларды ептілікке, жылдамдыққа, ажыратуға баулу. |